

2021-2022 оқу жылының тамыз айының 31 күні «№11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты» коммуналдық мекемесінде Ғылыми әдістемелік кеңестің кезекті отырысы болды

№ 1 ХАТТАМАСЫ

Мерзімі: 31.08.21ж

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1. Өткен 2020-2021 оқу жылындағы әдістемелік кеңестің жұмысына талдау жасау*
- 2. Әдістемелік кеңестің жылдық жоспарын бекіту.*
- 3. Кеңес мүшелерін сайлау, еңбек бөлінісі.*
- 4. Оқушылардың жеке іс-қағаздарының жүргізілуі.*
- 5. Пән бірлестіктерінің жетекшілерін, жоспарларын, бірлестік отырыстарының жоспарларын бекіту.*

Т Ү Ң Д А Л Д ы :

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес төрайымы

Р. Саркөзова сөз алып, мектеп ұжымы 2020-2021 оқу жылын лайықты табыстармен аяқтады.

Мектепті 283 оқушы бітіріп шықты. Екінші оқу жылына қалған оқушы болған жоқ. Келесі сыныптарға 283 және мектеп бітіру куәлігін алуға 26 оқушы жіберілді.

Мектептің өндірістік жоспарында белгіленген оқу тәрбие жұмысына басшылық пен бақылау жасаудағы іс-шаралар толығымен орындалды. Барлық пәндер сыныптан тыс жасалынған жұмыстар, диагностикалық карта бойынша тексеріліп тиісті бағаларын алды.

Пәндер 6 пән бірлестіктеріне топтастырылып жүргізілді.

Олар:

- 1. Қоғамдық-ізгілікті пәндер;*
- 2. Негізгі пәндер бірлестігі;*
- 3. Тәрбиешілер бірлестігі;*
- 4. Бастауыш сынып бірлестігі.*
- 5. Жаратылыстану пәндер бірлестігі.*
- 6. Орыс тілі мен ағылшын тілі пәндер бірлестігі.*
- 7. «Үміт» жас мамандар мектебі ұйымдастырылды.*

Әрбір бірлестік жетекшілері тағайындалып, олар жоспар бойынша жұмыс жүргізді. Бірлестік жетекшілері өздерінің жоспарларында көрсетілген мәселелер бойынша ай сайын отырыстар өткізіп, түрлі мәселелерді шешу үшін мектепшілік әдістемелік кеңестің күн тәртібінде ұсыныстар енгізіп отырды.

Мектепшілік «Үздік жас маман» байқауы ұйымдастырылып жарыстарға және конференция, семинарларға тиісті мұғалімдер және оқушылар қатыстырылып отырылды. Атап айтсақ «Жылдың үздік жас маманы» байқауына Соғлыбаева Айман қатысып бас жүлдені жеңіп алды, Облыстық «Өнерлі ұстаз» байқауында номинация иеленді. Жылдың «Шығармашыл ұстазы» бастауыш сынып мұғалімі Туляева Жанна «Ізденімпаз ұстаз» география пәні мұғалімі Досыбаева Роза, «Жаңашыл ұстаз» орыс тілі мен әдебиеті пәні

4. Төртінші мәселе бойынша бастауыш сынып мұғалімі А.Қыпшақбаева сөз алды Оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, жаңа талаптар қойылуда. Созан орай ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік ролін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Бірақ, мектептегі баланың барлығы бірдей емес, адамның бес саусағы сияқты бір сыныптағы оқушылардың өзі көп түрлі болып келеді. Үлгерімі төмен оқушылардың білім қоры аз болады. Нашар оқудың алдың алу үшін артта қалу мен үлгерімнің төмендеуінің себептерін анықтап жұмыс жасау керек. Ойын балалар үшін күрделі әрекет. Балалар білімді ойын арқылы да ала алады және білімділікке үйренеді. Сондықтан математика сабағындағы ойын арқылы білімін шыңдап ой өрісін кеңейте алады. Баланың жас ерекшелігіне, зейініне сай ұйымдастырылған ойындар баланың ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез-құлқын, ерік жігерін қалыптастырады және сабаққа деген қызығушылығын арттыруы туралы өз жұмысымен бөлісті.

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ШЕШІМ Е Т Е Д І :

5. Тәрбие бағыттары бойынша жұмыс жандандырылсын
6. Білім сапасын арттыру мақсатында белсенді оқыту тәсілдерін анықтауда, үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жүргізілу үнемі бақылауға алынсын
7. Қоғамдық ізгілікті пән бірлестігінің жұмысы «жақсы» деп танылсын
8. Бастауыш сынып оқытуда үлгерімі нашар оқушылармен жеке жұмыс үнемі жүргізілсін

Жиналыс төрайымы:  Е. Әмірбеков

Жиналыс хатшысы:  Р. Досыбаева

**«№11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Ғылыми-әдістемелік кеңестің
кезекті отырысы болды**

№ 2 ХАТТАМАСЫ

Мерзімі: 02.11.2021ж

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. 5 сынып оқушыларының бейімделуі және психологиялық қиындықтарын анықтау.
2. Сынып журналдарының толтырылуы жайлы.
3. Техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау жұмыстары жайлы.
4. Нормативтік құжаттарды негізге алу.
5. I тосанның қорытындысы бойынша білім сапасының мониторингін

Кеңестің барысы:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес төрайымы Р. Саркөзова сөз алып, 5 сыныпқа көшкен оқушылардың психологиясының өзгеруі анық өйткені олар бастауыш сыныпта негізгі пәндерден тек бір ғана мұғалім сабақ бергенін, 5 сыныптан бастап, әр түрлі пән мұғалімдері сабақ беретіндіктен, 5 сынып оқушылары бір сатыдан екінші сатыға өткенде көптеген қиындықтар кездесетінін айтып өтті. Сондықтан әрбір пән мұғалімдері оқушылармен жұмыс жүргізгенде олардың жас ерекшеліктеріне қарай оқу материалдарын бірден күрделендірмей, қабылдауы төмен оқушыларға деңгейлік тапсырмалар дайындап, жекеленген жұмыстар жүргізу керектігі айтылды.

2. Екінші мәселе бойынша Р. Саркөзова сөз алып, сынып журналдарының толтырылуы, жүргізілуі жайлы анықтама беріп өтті. Биылғы 2019-2020 оқу жылына 17 сынып /комплект/ 17 журналдың барлығы жана білім беру мазмұны бойынша, 1-9 сыныптарға арналды. Журнал №27.09.19ж бұйрық негізінде бекітілген тізіммен толтырылды. Алфавиттік реттік санын толықтыру денсаулық парағына мөр қойылмаған, толтырылмаған, дәрігер қол қоймаған, оқушылардың ата-анасы, мекен-жайын толық жазу керектігі бірнеше сынып жетекшілеріне журнал тексерілгеннен кейін ескерту берілгенін айтып өтті.

3. Үшінші мәселе бойынша Р. Саркөзова оқу шеберханасын, мектеп кабинеттерін, спорт залдарының оқу жылына дайындығы жөнінде айтып өтті.

Кабинеттерде техникалық қауіпсіздік ережелерін жазып ілу. Еңбек қорғау бұрышын ұйымдастыру. Мұғалімдермен еңбек қорғау жөнінде емтихандар алу. Жолда жүру ережесі бойынша бұрыш ұйымдастыру. 1-7 сыныптарда жолда жүру ережесін журналға толтырып отыру. Бастауыш сынып оқушыларына жолда жүру ережесін үйрету. Техника қауіпсіздік ережесі жөнінде оқушыларға ескертіп отыру сияқты іс-шаралар осы оқу жылында жоспарланып отыр.

4. Нормативтік құжаттарды негізге алу мәселесі бойынша Жаратылыстану бірлестігінің жетекшісі Р. Досыбаева әрбір педагог кадр ҚР Конституциясы мен заңдарын, ҚР Президент бұйрықтары мен жарлықтарын, ҚР Үкіметі мен Білім және ғылым министрлігінің шешімдерін, білім бері мекемелерінің нұсқауларын, еңбек

мұғалімі Дауылбаева Бибігул, жылдын үздік әдістеме жетекшісі Кемелова Айгул деп танылды. Мектеп кітапханасы қажетті заттармен қамтамасыз етілген, жабдықталған.

Мектептегі 366 оқушының 53-і аз қамтамасыз етілген тұрмысы төмен отбасы ,оқушылардың 100%-ы кітаппен қамтамсыз етілген. Кітапханашының жылдық жоспары жасалынған, атаулы күндерге байланысты бұрыштар және кітап көрмесі ұйымдастырылған.

Оқушылардың білімін сараптау мақсатында әр айда бір рет барлық пәндерден тест, бақылау жұмыстары мұғалімдердің ұйымдастыруымен өткізіліп, оған талдаулар жасалып, нақты міндеттер қойылып отырылды. Сонымен қатар мектеп оқушылары арасында мектепішілік пәндер олимпиадалары өткізіліп отырылды. Бұл тұрғыдан қазақ тілі, математика, орыс тілі, география, биология пәндері бойынша өткізілген олимпиадалардың қорытындысы жасалып, жүлделі орынға ие болған оқушылар мадақталынып отырылды және оқушылар біліміндегі олқылықтарға жан-жақты талдаулар жүргізілді

Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстары мен сыныптан тыс жұмыстардың нақтылы өтілуіне бөлінген міндеттерге лайық бақылау мен басшылық мұғалімдердің сабақтарына ене отырып, оған талдау жасауда әдістеме бірлестік жетекшілерінің, Әдістемелік кеңес мүшелерінің жұмысын атап айтуға болады.

Оқытудың белсенді түрлері сабақта тиімді пайдаланылды, тәрбиешілер Ж.Сыздықова, Г.Жаппарқұлова, Л.Наушабекова, С.Байболова, Г.Құрбанова, Г.Оразованың , физика пәні мұғалімі С.Арымбаеваның, орыс тілі пәнінің мұғалімі Б.Дауылбаеваның, қазақ тілі пәні мұғалімдері С.Әбуова, Л.Өмірбаеваның, бастауыш сынып мұғалімдері Ә.Қыпшақбаева, Р.Тасболатова, Ж.Туляевалардың жеке басының білімділігі кәсіптік шеберлігін атауға болады.

2. Екінші мәселе бойынша ғылыми әдістемелік кеңестің жоспары таныстырылды. Жас мұғалімдерге теориялық және методикалық жәрдем көрсету мақсатымен озық педагогикалық тәжірибе мектебін ұйымдастыру. Перспективалық жоспарға сәйкес мұғалімдердің курстан өтуін қамтамасыз етумен қатар олардың курсқа дейінгі және курстан кейінгі тапсырмаларды орындауын қатаң бақылау. Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің жұмысын жандандыру.

Әдістемелік кеңестің құрамы.

К/с	Мұғалімнің аты жөні	Білімі	Курстан өткен жылы	Қай бірлестікке жетекші	Пед өтілі
1	Саркөзова Раушан	жоғары	2018	Әдістемелік кеңес	43
2	Абдиева Ляззат	Жоғары	2020	Қоғамдық- ізгілікті пәндер бірлестігі	21
3	Кемелова Айгул	жоғары	2019	Орыс тілі және шет тілі бірлестігі	30
4	Досыбаева Роза	Бірінші	2021	Жаратылыстану әдістеме бірлестігі	16
5	Қыпшақбаева Әсемкүл	Жоғары	2019	Бастауыш сынып бірлестігі	29
6	Жаркынбекова Айнур	Жоғары	2019	Тәрбиешілер әдістеме бірлестігі	17
7	Дауылбаева Бибігул	жоғары	2019	« Үздік мұғалім »	33
8	Тайлыбаева Айгул	жоғары	2019	Негізгі пәндер бірлестігі	23
9	Тапшқараева Шархия	Бірінші	2020	Жас мамандар мектебі	11

Әдістемелік бірлестіктің шығармашылық тақырыбы:

1. Негізгі пәндер бірлестігі:

Оқушыларды заман талабына сай жаңа технологияны пайдалану арқылы оқыту.

2. Орыс тілі және ағылшын тілі пәндер бірлестігі

«Игровые формы работы на уроках русского языка»

3. Қоғамдық-ізгілікті пәндер бірлестігі.

Оқушыларды сабаққа қызықтыру жолдарының жаңаша әдіс-тәсілдерін енгізу.

4.Тәрбиешілер әдістеме бірлестігі.

Баланы саналы тұлға етіп қалыптастыру жолында тәрбиенің жаңа үрдісін пайдалану.

5. Бастауыш сынып әдістеме бірлестігі:

Оқушыларды үлгілі жазуға және сауатты оқуға дағдыландыру.

6.Жаратылыстану пәндер бірлестігі: Инновациялық технологияларды пайдалана отырып өмірге қабілетті дарынды шәкірт тәрбиелеу.

4. Төртінші мәселе бойынша, бастауыш сынып әдістеме бірлестігінің жетекшісі Ә.Қыпшақбаева сөз алып, бастауыш сынып жеке іс-қағаздарының толық жинақталғаны жайлы, қоғамдық-ізгілікті пәндер бірлестігінің жетекшісі Л.Әбдиева сөз алып, жоғарғы сынып оқушыларының құжаттары әлі де толық жинақталмағаны ата-аналармен хабарласып керекті құжаттарды жинақтап жатқандары жайлы айтып өтті.

5. Бесінші мәселе бойынша, кеңес төрайымы сөз алып, ғылыми әдістемелік кеңестің әрбір отырысына тоқталып ондағы қаралатын мәселелерді мектептің өндірістік жұмыс жоспарына сай құрылғаны мектепшілік бақылау, фронтальдық бақылау, персоналды бақылау, құжаттаманың жүргізілуін бақылау негізінде б отырыстың жоспары жасалғаны жайлы айтып өтті.

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ШЕШІМ Е Т Е Д І :

1. Өткен 2019-2020 оқу жылындағы әдістемелік кеңестің жұмысы «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.
2. Ғылыми әдістемелік кеңестің жылдық жоспары бекітілсін.
3. Кеңес мүшелерінің еңбек бөлінісі бекітілсін.
4. Оқушылардың жеке іс-қағаздарының жүргізілуі «қанағаттанарлық» деп есептелінсін. Құжаттарды толық жинақтау бастауыш сынып мұғалімдеріне және сынып жетекшілерге міндеттелінсін.
5. Пән бірлестіктерінің жетекшілері, жоспарлары, бірлестік отырыстарының жоспарлары бекітілсін.

Жиналыс төрайымы:  Р.Сарқозова

Жиналыс хатшысы:  Ә.Қыпшақбаева

№ 3 Х А Т Т А М А С Ы

Мерзімі: 04.01.2022ж

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Мамандықты дұрыс таңдау- табысты өмірдің кілті (дөңгелек үстел)
2. Жаратылыстану бірлестігі апталығының қорытындысы
3. Әдіс бірлестіктің I жарты жылдық жұмысының есебі
4. Үлгерімі нашар оқушылармен жеке жұмысты талдау
5. Мектепшілік пәндер олимпиадасы мен II-тоқсанда өтілген ашық сабақтардың қорытындысы
6. Мұғалімдердің біліктілік курстарынан өту барысын талдау

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп психолгы А. Сейдалиев сөз алды ол өз сөзінде «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе», - деп Ж. Аймауытов айтқандай, айтулы маман иесі боламын десек, алға ұмтылуымыз керек. Еліміздің болашағы-жастар екенін ескерсек, жыл сайын мектеп бітіруші түлектер қай мамандықты таңдарын білмей, ойы сан-сақта жүретіні анық. Мектеп бітіруші түлектерімізге болашақтағы мамандықтарын қателеспей, оны өзінің жүрек қалауымен таңдауға жол көрсетіп, дұрыс бағыт беру 9 сынып оқушылары мен олардың ата-аналарына ұйымдастырған іс-шарамыз дәстүрлі түрде ұйымдастырылғанын айтып өтті

2. Екінші мәселе бойынша жаратылыстану пән бірлестігінің жетекшісі Р. Досыбаева сөз алды ол өз сөзінде «Әлемнің газжайып үш тірегі» атты химия, биология және география, дене шынықтыру апталығы оқушылардың білімдерін тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Мұғалімдердің бір-бірімен іс-тәжірибелерімен алмасу. Іс-шараға белсене қатысып өз таланттарын көрсете білген оқушылар марапатталып апталық өз дәрежесінде өткенін айтты.

3. Үшінші мәселе бойынша әдіс бірлестік жетекшілері кезек –кезек сөз алып I жарты жылдықта бірлестікте атқарылған іс-шаралар әрбір пән бірлестік мүшелері өздерінің үлгерімі төмен білім алушылар мен атқарылып жатқан жұмыстарын айтып өтті. Мұғалімдердің білім жетілдіру курстарынан өткен мұғалімдер тізімі жасалып өту керек мұғалімдерге тоқталды дене шынықтыру пән мұғалімдері курстан өту керектігі айтылды.

4. Төртінші мәселе бойынша бастауыш сынып мұғалімі А. Қыпшақбаева сөз алды Оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, жаңа талаптар қойылуда. Соған орай ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік ролін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Бірақ, мектептегі баланың барлығы бірдей емес, адамның бес саусағы сияқты бір сыныптағы

заңдылықтары мен нормаларын, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы ережелерді, мектеп жарғысын басшылыққа алады. Бала құқығы туралы БҰҰ Конвенциясын қатаң сақтау керектігі жайлы айтып өтті.

5. Келесі мәселе бойынша сөз алған Р. Саркөзова 1 тоқсанның қорытындысы бойынша әрбір сыныптың көрсеткен білім сапасының көрсеткіштерін негізгі пәндер бойынша жеке-жеке мониторинг бойынша тоқталып өтті.

Әрбір әдістеме жетекшісіне келесі тоқсанда білім сапасын көтеруге көбірек жұмыс жасау керектігі, сабақтың сапасын көтеру, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдаланып, мазмұнды сабақтар өту керектігі тапсырылды.

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ШЕШІМ Е Т Е Д І :

1. 5 сынып оқушыларының бейімделуі және психологиялық қиындықтары анықталсын.
2. Сынып журналдарының толтырылуы «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.
3. Техника қауіпсіздігі ережелері сақталынсын.
4. Нормативтік құжаттар негізге алынсын.
5. 1тоқсанның қорытындысы бойынша білім сапасы «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.

Жиналыс төрайымы:  Р.Саркөзова

Жиналыс хатшысы:  Ә.Қытшақбаева

*«№ 11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Ғылыми-әдістемелік кеңестің кезекті
отырысының*

№ 4 Х А Т Т А М А С Ы

Мерзімі: 27.03.2022ж

Күн тәртібіндегі мәселелер:

IV отырыс

- Ұлттық тәрбие, отбасылық тәрбие, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыттарының орындалуы (ДТІЖО)*
- Үлгерімі нашар оқушылардың оқу нәтижелерінің деңгейлері*
- Қоғамдық- ізгілікті пәндер апталығын өткізу*
- Бастауыш сынып оқытуда үлгерімі нашар оқушылармен жеке жұмыс жүргізілу барысы*

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары О.Салибеков өз баяндамасында тәрбие жұмысы жоспарлаған бағыт бойынша жұмыс жасап жатқанын айта келе, ұлттық тәрбие, отбасылық тәрбие, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды. Аталған бағыттар бойынша жоспарланған жұмыстар толық өз дәрежесінде орындалып отырғанын баяндады

2. Екінші мәселе бойынша мектеп директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Е.Әмірбеков таныстырды 2022 оқу жылына мектепшілік үлгерімі төмен оқушылардың тізімі алынып жұмыс жоспары бекітілді. Жаңа тақырыпты игерту, үй тапсырмасын орындауға бейімдеу, оқушының есте сақтау қабілетін дамыту шығармашылық жұмыстарға баулу, сөйлеу қабілетін дамыту, тестпен жұмыс жасауға жаттықтыру, әр тарауды ең маңызды тақырыптары бойынша реферат жаздыру, тәрбиешілермен, сынып жетекшілермен үнемі байланыста болу, оқушыларға психологиялық, ақпараттық қолдау көрсету басқа пән мұғалімдерінің сабақтарына үнемі қатыстыру

3. Үшінші мәселе бойынша сөз қоғамдық ізгілікті пәндер бірлестігінің жетекшісі Л.Абдиеваға берілді өз есебінде қоғамдық ізгілікті пәндер бірлестігіндегі мұғалімдерінің сапалық құрамына, пәндер бойынша тоқтала келе 5-9 сынып оқушыларының қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндері бойынша III тоқсандық білім сапасын атап өтті. Сондай-ақ, ақпан айында «Жаңартылған білімге-жаңаша көзқарас» тақырыбында апталық өткізілгенін, апталық барысында жоспарланған ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар, толық өз деңгейінде өткізілгенін айта келе, жеке-жеке анықтама беріп, тоқталып өтті

4. Төртінші мәселе бойынша бастауыш сынып мұғалімі А.Қыпшақбаева сөз алды Оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, жаңа талаптар қойылуда. Соған орай ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Бірақ, мектептегі баланың барлығы бірдей емес, адамның бес саусағы сияқты бір сыныптағы оқушылардың өзі көп түрлі болып келеді. Үлгерімі төмен оқушылардың білім қоры аз

оқушылардың өзі көп түрлі болып келеді. Үлгерімі төмен оқушылардың білім қоры аз болады. Нашар оқудың алдың алу үшін артта қалу мен үлгерімнің төмендеуінің себептерін анықтап жұмыс жасау керек. Ойын балалар үшін күрделі әрекет. Балалар білімді ойын арқылы да ала алады және білімділікке үйренеді. Сондықтан математика сабағындағы ойын арқылы білімін шыңдап ой өрісін кеңейте алады. Баланың жас ерекшелігіне, зейініне сай ұйымдастырылған ойындар баланың ақыл-дүниетанымын кеңейтеді, мінез-құлқын, ерік жігерін қалыптастырады және сабаққа деген қызығушылығын арттыруы туралы өз жұмысымен бөлісті.

5. Бесінші мәселе бойынша Е. Әмірбеков сөз алды мектепшілік пәндер олимпиадасы оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында бүгінде функционалдық сауаттылығын арттыруға байланысты оқушылармен және пән мұғалімдерімен сынып жетекшілермен бірлескен дөңгелек үстелде талқыланып оқушыларға түрлі логикалық сұрақтар қоя отырып сауалнама алды. Оқушылардан дайындық ретінде тесттер алынып, талдау жасалынды бұл доданың мақсаты оқушылардың білімге құштарлығын арттыру. Бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдері 2-кезеңнен тұратын олимпиадалық сұрақтар құрастырып олимпиада өткізілсін деді. II-тоқсанда өтілген ашық сабақтардың қорытындысын талқылау Е. Әмірбеков сөз алды ашық сабақтар жақсы өткенің айтты мұғалімдердің бір-бірінің сабақтарына үнемі қатысып іс-тәжірибе алмасу керектігін айтты.

6. Алтыншы мәселе бойынша бірлестік жетекшілері мұғалімдердің біліктілік курстарынан өту барысын талдады пән мұғалімдерінің біліктілік арттыру курстарынан өту керектігін айтты.

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ШЕШІМ Е Т Е Д І :

1. Оқушыларға мамандық таңдауда дұрыс жол көрсетілсін
2. Пән апталықтар өз дәрежесінде жоспарға сай өткізілсін
3. Әдіс бірлестіктерінің жұмысы жаңдандырылсын
4. Бастауыш сынып оқытуда үлгерімі нашар оқушылармен жеке жұмыс үнемі жүргізілсін
5. Мектепшілік пәндер олимпиадасы өз дәрежесінде өткізілсін
6. Мұғалімдер біліктілік курстарынан өтсін

Жиналыс төрайымы:  Е. Әмірбеков

Жиналыс хатшысы:  Р. Досыбаева

*«№ 11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Ғылыми-әдістемелік кеңестің кезекті
отырысының*

№ 5 Х А Т Т А М А С Ы

Мерзімі: 26.05.2022ж

Күн тәртібіндегі мәселелер:

V отырыс

- **IV-тоқсан қорытындысы**
Әдістемелік күн.
- **БЖБ,ТЖБ тапсырмаларын әзірлеуде сараптама жасай алудың тиімділігі.**
Әдістемелік күн.
- **Педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор біліктілік санаттары бар мұғалімдердің іс-тәжірибелері арқылы педагогтардың шығармашылық қаблеттерін дамыту.**
- **Мұғалімдерді емтихан өткізу тәртібімен таныстыру, емтихан комиссиясын бекіту, материалдарын бекіту.**

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары О.Салибеков өз баяндамасында тәрбие жұмысы жоспарлаған бағыт бойынша жұмыс жасап жатқанын айта келе, ұлттық тәрбие, отбасылық тәрбие, зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды.Аталған бағыттар бойынша жоспарланған жұмыстар толық өз дәрежесінде орындалып отырғанын баяндады

2. Екінші мәселе бойынша мектеп директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Е.Әмірбеков таныстырды 2022 оқу жылына мектепшілік үлгерімі төмен оқушылардың тізімі алынып жұмыс жоспары бекітілді.Жаңа тақырыпты игерту, үй тапсырмасын орындауға бейімдеу, оқушының есте сақтау қабілетін дамыту шығармашылық жұмыстарға баулу, сөйлеу қабілетін дамыту, тестпен жұмыс жасауға жаттықтыру, әр тарауды ең маңызды тақырыптары бойынша реферат жаздыру, тәрбиешілермен, сынып жетекшілермен үнемі байланыста болу, оқушыларға психологиялық, ақпараттық қолдау көрсету басқа пән мұғалімдерінің сабақтарына үнемі қатыстыру

3. Үшінші мәселе бойынша сөз қоғамдық ізгілікті пәндер бірлестігінің жетекшісі Л.Абдиеваға берілді өз есебінде қоғамдық ізгілікті пәндер бірлестігіндегі мұғалімдерінің сапалық құрамына, пәндер бойынша тоқтала келе 5-9 сынып оқушыларының қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндері бойынша III тоқсандық білім сапасын атап өтті. Сондай-ақ, ақпан айында «Жаңартылған білімге-жаңаша көзқарас» тақырыбында апталық өткізілгенін, апталық барысында жоспарланған ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар, толық өз деңгейінде өткізілгенін айта келе, жеке-жеке анықтама беріп, тоқталып өтті

болады. Нашар оқудың алдың алу үшін артта қалу мен үлгерімнің төмендеуінің себептерін анықтап жұмыс жасау керек. Ойын балалар үшін күрделі әрекет. Балалар білімді ойын арқылы да ала алады және білімділікке үйренеді. Сондықтан математика сабағындағы ойын арқылы білімін шыңдап ой өрісін кеңейте алады. Баланың жас ерекшелігіне, зейініне сай ұйымдастырылған ойындар баланың ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез-құлқын, ерік жігерін қалыптастырады және сабаққа деген қызығушылығын арттыруы туралы өз жұмысымен бөлісті.

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ШЕШІМ Е Т Е Д І :

1. Тәрбие бағыттары бойынша жұмыс жандандырылсын
2. Білім сапасын арттыру мақсатында белсенді оқыту тәсілдерін анықтауда, үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жүргізілу үнемі бақылауға алынсын
3. Қоғамдық ізгілікті пән бірлестігінің жұмысы «жақсы» деп танылсын
4. Бастауыш сынып оқытуда үлгерімі нашар оқушылармен жеке жұмыс үнемі жүргізілсін

Жиналыс төрайымы:  Е. Әмірбеков

Жиналыс хатшысы:  Р. Досыбаева